

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

Есенгулова Акмерей Жалгасқызы

Кітап өнімін басып шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия мамандығы


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор
 Машеков С.А.
«22» 05 2019 ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Кітап өнімін басып шығаратын баспахананың кітапшалау-
түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Есенгулова А.Ж.

Ғылыми жетекші
хим. ғыл. канд.
КТ кафедрасының
қауым. профессоры
 Ибраева.Ж.Е.
«20» 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


«Көлік техникасы» кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. д-ры, профессор

 Машеков С.А.

« 11 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Есенгулова Акмерей Жалғасқызы

Тақырыбы «Кітап өнімін басып шығаратын баспахананың кітапшалау-
түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет басшысының «б» 11 2018 ж. 1252 бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «14» мамыр 2018 ж

Дипломдық жобаның бастапқы тапсырмалар: кітап 1: ф.70×100/16, көлемі 10
ф.б.т., таралымы 32000, атау саны 25, бояулығы 1+1; кітап 2: ф.70×90/16,
көлемі 16 ф.б.т., таралымы 35000, атау саны 25, бояулығы 1+1; кітап 3:
ф.60×90/16, көлемі 14 ф.б.т., таралымы 30000, атау саны 25, бояулығы 4+4;
кітап 4: ф.60×84/16, көлемі 12 ф.б.т., таралымы 45000, атау саны 20,
бояулығы 4+4;

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) технологиялық бөлім;

б) қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;

в) экономикалық бөлім



Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
технологиялық сұлба, жүктер азымы, цехтың жоспары, эвакуациялық
жолдар, техника-экономикалық көрсеткіштері

Ұсынылатын негізгі әдебиет 14 атау


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім		
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі		
Экономикалық бөлім		


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Е.Ибраева, хим. ғыл. канд., КТ кафедрасының қауым. профессоры	20.05	
Ереже бақылау	Ж.Ж.Толыбаева, лектор	21.05.19	

Ғылыми жетекшісі

 Ибраева Ж.Е

Тапсырманы орындауға білім алушы

 Есенгулова А.Ж

Күні

« 15 » 11 2019 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада кітап өнімін басып шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімінің жобалануы қарастырылған.

Өндірісті жобалау үшін мына цехтар жобаланған:

- кітапшалау-түптеу цехі;
- материалдар қоймасы;
- дайын өнім қоймасы;
- механикалық - жөндеу цехы;

Дипломдық жоба 48 беттен тұрады, оның 28-сі кесте. Дипломдық жоба мына тараулар бойынша бөлінеді:

- 1 Технологиялық бөлім.
- 2 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі.
- 3 Экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде кітапшалау-түптеу процесіне толық сипаттама беріледі. Ғимарат ауданы мен жұмыс істеу орны қарастырылған. Баспахана жабдықтары заманға сай көрсеткіштерге ие жоғары жылдамдықты және технологиялық операцияларды орындауға ыңғайлы машиналармен қамтамасыздандырылған.

Еңбек қорғау және қоршаған орта бөлімінде өндірістегі қолайсыздықтар және оны шешу жолдары қарастырылған. Шу, жарықтану, желдеткіштер, өртке қарсы шараларды қаншалықты орнату керектігін есептелген. Экономикалық бөлімде өндірістің тиімділігі, өтеу мерзімі, шығарылатын өнімнің өз құны және таза пайда есептелінген.

Жобаның графикалық бөлімі сұлба түрінде берілген:

- кітапшалау-түптеу процесінің технологиялық сұлбасы;
- жабдықтарды өндірісте орналастыру сызбасы;
- жүк ағымы;
- құтқару жоспары;
- экономикалық көрсеткіштер;

АННОТАЦИЯ

Данный дипломный проект посвящен разработке технологической части брошюровочно-переплетного цеха типографии по выпуску книжной продукции.

При проектировании полиграфического производства для изготовления книжной продукции спроектированы обслуживающие цеха и службы:

- брошюровочно-переплетный цех;
- материалный склад; - склад готовой продукции;
- ремонтно-механический цех.

В дипломном проекте всего страниц 48, из них таблиц 28.

По разделам диплом подразделяется:

- 1 Технологическая часть.
- 2 Безопасность и охрана труда.
- 3 Экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание брошюровочно-переплетному процессу. Рассмотрены площадь здания, место работы. Оборудования типографии соответствуют современным требованиям, оснащенными высокоскоростным машинами которые соответствуют для выполнения технологических операций.

В разделе охраны труда и окружающей среды рассмотрены проблемы и представлены решения этих проблем.

В экономической части рассчитаны себестоимость одного издания, прибыль, рентабельность, срок окупаемости предприятия.

Графическая часть дипломного проекта представлена чертежами:

- технологическая схема изготовления книжной продукции брошюровочно-переплетного процесса;
- чертеж расположения оборудования и рабочих мест в производстве;
- грузопоток;
- план эвакуации;
- экономические показатели.

ANNOTATION

This thesis project is devoted to the development of the technological part of the bookbinding and bookbinding shop of the printing house for the production of book products.

In the design of printing production for the manufacture of book products, service shops and services were designed:

- Bookbinding and binding shop;
- material warehouse; - finished products warehouse; - mechanical repair shop.

In the thesis project, the total pages 48, of which tables 28.

By sections the diploma is divided into:

- 1 Technological part.
- 2 Safety and labor protection.
- 3 The economic part.

The technological part of the project provides a complete description of the binding and binding process. Considered the area of the building, place of work. Printing equipment equipment meets modern requirements, equipped with highspeed machines that are suitable for performing technological operations.

In the section of labor protection and environment problems are considered and solutions of these problems are presented.

In the economic part, the cost of a single edition, profit, profitability, payback period of the enterprise is calculated.

The graphic part of the graduation project is represented by the drawings:

- technological scheme for the manufacture of book production of the bookbinding process;
- drawing of the location of equipment and jobs in production;
- cargo traffic;
- evacuation plan; - economic indicators.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Технологиялық бөлім	10
1.1 Кітапшалау-түптеу процесінде жобаланатын басылымның техникалық сипаттамасы	17
1.2 Басылымның құрылымдық сұлбасы	18
1.3 Кітап өнімін (№4 және №7 түптеу қабындағы) шығаратын баспахананың кітапшалау -түптеу цехінің технологиялық сұлбасы	19
1.4 Кітапшалау-түптеу процесі бойынша өнімді даярлау технологиялық сұлбасына сипаттама	20
1.5 Қажетті жабдықтарды таңдау	22
1.6 Басудан кейінгі процесіне қажетті негізгі және қосымша материалдарды таңдау	29
1.7 Қажетті материалдар санын есептеу	30
1.8 Қосымша цехтар	37
1.8.1 Қойма шаруашылығы	37
2 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	37
3 Экономикалық бөлім	41
3.1 Экономикалық есептеулер	36
Қорытынды	47
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	48

КІРІСПЕ

Баспа өнімдерінің ішіндегі ең күрделісі – кітап. Ол өзара әртүрлі тәсілдермен біріктірілген, көптеген элементтерден құралған. Кітаптың әртүрлі элементтерімен параметрлерінің (дәптерлер, олардың бөліктері, бейнесуреттер, форзацтар, мұқабалар, түптеу қаптарынан; кітаптың форматы, көлемі т.б.) бірлесуі, қолдану варианттарының көптігі кітап шығару, өндірісінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Ұсынылып отырған дипломдық жобаның тақырыбы «Кітап өнімін басып шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау». Бұл жобаның басып мақсаты тақырыбында айтылғандай кітап шығарудың үшінші кезеңін, яғни кітапшалау – түптеу процесі бойынша толығымен жоба жасау.

Баспахананың кітапшалау – түптеу цехын және оған қызмет жасайтын қосымша цехтардың жұмыстарын толығымен көрсете отырып кітаптың толық даярлану технологиясы негізінде жасалады.

Технологиялық бөлім - өндірістік бөлімнің бір бөлігі болып табылады. Технологиялық бөлімде өңделетін өнімге түсірілетін механикалық, физикалық және химиялық әсер ету операциялары, келтірілген өңдеулерден кейінгі өнімнің өзгеруі қарастырылады.

Жалпы айтқанда өндірістік бөлімнің әрбір бөлігі технологиялық бірлестік пен технологиялық байланыстардың көмегімен, сондай-ақ өндірістік өзара байланыстардың көмегімен қарастырылуы мүмкін. Сондықтан да өндірістік бөлімге технологиялықтан басқа, өндірісті басқару, ұйымдастырумен байланысты операциялар, негізінде: көліктік, қоймалық, құрылғыға қызмет ету, өндірістік ауданды жобалау, өнімді тапсыру уақыты және т.б. бөлімшелер жатады.

Бұл аталмыш қосымша қызмет жасау бөлімшелері (қойма шаруашылығы, жабдыққа қызмет жасау үшін, жөндеу механикалық цехі) дипломдық жобада қарастырылады.

Тапсырмаға сәйкес қазіргі нарықта көп қолданысқа ие түптеу түрлері жобаланады, яғни төртінші түптеу түрі мен жетінші түптеу түрі таңдалған. Түптеу түріне байланысты кітап блогін өңдеу және кітап даярлау жабдығы ретінде Kolbus ағымды желісі таңдалады. Өйткені қатты түптеудегі кітап өнімін өңдеуге ағымды желілерден ыңғайлысы жоқ. Неміс фирмасының Колбус ағымды желісінің таңдалу себебі 2 мм - лік жұқа кітаптан қалың кітаптарды жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар кітап блогін қысу, кітап түбін жиектеу және кітап қабының штриховкасын сапалы түрде іске асырады. Осы тұрғыда басқада

автоматтандырыған жабдықтармен барлық кітапшалау-түптеу операциялары іске асырылады.

Өндірісті автоматтандырылған ағымды желілермен қамтамасыз ету технологиялық мүмкіндіктерді арттыруға жол ашады. Бұл-жұмыс өнімділігін, уақыт үнемділігін және де сапалы дайын өнім алуға мүмкіндік береді.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Кітапшалау-түптеу процесінде жобаланатын басылымның техникалық сипаттамасы

Жобаланылатын басылымның техникалық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген


1 Кесте - Жобаланылатын басылымның техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Техникалық көрсеткіштері мен шарттары			
	Кітап I	Кітап II	Кітап III	Кітап IV
Басылымның аталуы	Кітап I	Кітап II	Кітап III	Кітап IV
Басылымның форматы (см)	70×100 _{1/16}	70×90 _{1/16}	60×90 _{1/16}	60× 84 _{1/16}
Кесуге дейінгі форматы (см)	17,5×25	17,5×22,5	15×22,5	15×21
Кесуден кейінгі форматы (см)	17×24	17×21,5	14,5×21,5	14,5×20
Басылымның таралымы	32 000	25 000	30 000	45 000
Атау саны	25	35	27	20
Басылымның көлемі: физикалық баспа табақтағы	10	16	14	12
шартты баспа табақта	13	18,5	14	11,16
қағаз табақта	5	8	7	6
Беттер саны	320	240	224	192
Безендіру варианты	Бірінші	бірінші	бірінші	бірінші
Басылымды басудың	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік
Басылым бояулылығы	1+1	1+1	4+4	4+4
Жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып
Дәптерлерді бекіту әдісі	жіппен тігу	жіппен тігу	жіппен тігу	жіппен тігу

Түптеу қабы: типі жамылғы материал- дың түрі	№4 қатырма жақтарға бір тұтас пенкамен сығымдалған мұқабалық қағазбен қапталған	№4 қатырма жақтарға бір тұтас пенкамен сығымдалған мұқабалық қағазбен қапталған	№7 қатырма жақтарға бір тұтас бумвинил түптеу материалымен қапталған	№7 қатырма жақтарға бір тұтас бумвинил түптеу материалым ен қапталған
Дәптердегі беттер саны	16	16	16	16
Форзацтың түрі	Қарапайым	қарапайым	бейнелі	бейнелі
Басылымның жылдық саны	800 000	875 000	810 000	900 000
Жылдық дәптер саны	4 000 000	7 000 000	5 670 000	5 400 000
Жылдық форзац саны	1 600 000	1 750 000	1 620 000	1 800 000

1.2 Басылымның құрылымдық сұлбасы

Басылымның құрылымдық сұлбасы 1-суретке сәйкес көрсетілген.



1 Сурет – Басылымның құрылымдық сұлбасы

1.3 Кітап өнімін (№4 және №7 түптеу қабындағы) шығаратын баспахананың кітапшалап -түптеу цехінің технологиялық сұлбасы



↓
↓
Сапасын бақылау
Дайын өнімді орап буу

2-сурет. Кітап өнімін (№4 және №7 түптеу қабындағы) шығаратын баспахананың кітапшалап -түптеу цехінің технологиялық сұлбасы

1.4 Кітапшалау-түптеу процесі бойынша өнімді даярлау технологиялық сұлбасына сипаттама

Басылған табақтарды тегістеу. Тегістеу деп - екі өзара перпендикуляр беттер арқылы парақтарды тегістеу үрдісін айтады, табақтарды кесуге дейін тегістеу керек. Өйткені басу цехінде басылған парақтар жеткіліксіз тегістеледі. Тегістеуді қолмен немесе арнайы машинелерде орындайды.

Басылған табақтарды кесу. Кесу дегеніміз - басылған немесе түптеу материалының табақтарын керекті бөліктер санына кесу операциясы. Жобаланған өндірісте басылған табақты кесу үшін Guowang Master Cut K-92 бір пышақты кесу машинасы жобаланды.

Басылған табақтарды бүктеу. Бүктеу дегеніміз - қағаз табақтарды дәптерлерге бүктеу операциясы. Басылған табақтарды бүктеу - дәптерлер алу үшін керек. Олар дәптерлерден кейін кітаптың немесе брошюралық блоктарын жинақтайды. Табақтарды бүктеуді БФА 56-30 аралас бүктемелеу кассеталық бүктеу машинасында іске асырылады.

Форзацты бүктеу. Форзацтардың негізгі қасиеті - кітап блогын түптеу қабымен біріктіру және кітаптың сыртқы безендіру элементі болып саналады. Форзацтар құрылымы бойынша, дәптерге бірігу әдісі бойынша және безендіру сипатына байланысты классификацияланады. Ол 1-ші дәптердің бірінші бетіне және соңғы дәптердің соңғы бетіне түптік желім бойынша желімденеді.

Дәптерлерді пресстеу. Бүктелген орнынның қатты сығымдалуы келесі операциялар - форзацтар желімдеу, блокты тігу және т.б. орындалу сапасына. Жобаланған өндірісте бүктелген дәптерлерді қысу үшін HSB 34 Semi-Automatic Stacker/Bundler арнайы паковалді пресстеу қабылдағышымен жалғанған пресін қолданамыз.

Форзацты желімдеу. Форзацтардың негізгі қызметі кітап блогын түптеу қабымен біріктіру. Одан басқа форзац басылымның сыртқы безендіруінің элементі. Оларды ФК-30 кассеталық бүктеу машинасында бүктеледі. Бүктелген форзацтарды дәптерлерге қарапайым желімденеді.

Табақ жинақтау. Жинақтау деп бүктелген табақтарды (дәптерлер) және қосымша элементтерді анықталған ретімен блокқа жинауын айтады. Бұл жобада табақты жинақтау үшін JMD G460/16 табақ жинақтау машинасы қолданады.

Жіппен тігу. Жіппен тігу - ең ескі және жеке дәптерлерден жинақталған блоктарды бекітудің ең сенімді және шыдамды түрі. Жинақтау және жіппен тігу операциясы біріктірілген арнайы SX-460E жіппен тігу машинасында орындалады[1],[2].

Блок түбін желімдеу. Блоктың түбі қысылғаннан кейін оны желімдейді, яғни түбіне белгілі қалыңдық береді және блокты өндеудің келесі операцияларын жоғары сапамен орындалуын қамтамасыз етеді. Түбі қысылған, қырлы кітап блоктардың түбіне желім жағу өте ыңғайлы. Кітап блогінің түптерінің желімдену сапасы көбінесе желімнің құрамына және сапасына байланысты. Блок түбін желімдеу Kolbus ағымды желісінің RB 462 машинасында орындалады. Желім жағылғаннан кейін арасында кептіру операциясы ИҚ сәулесімен орындалады.

Блоктың түбін қысу. Жіппен тігілген кітап блогінің өнделуі түбін қысудан басталады. Барлық блокты өндейтін және оны қапқа кигізетін ағымды желілерде бірінші түбін қысу операциясы орындалады. Ол ағымды желінің секциясында немесе жеке мәшинелерде жасалынады. Kolbus фирмасының РМ блок түбін қысу машинасы өзінің техникалық прогресс жетістіктерімен кітап өндірісінде қажетті құрылғы болып табылады.

Блокты үш жағынан кесу. Түбі бойынша қысылған, желімденген және кептірілген блоктар келесі технологиялық операция - үш жағынан кесу операциясына түседі. Блоктың ені бойынша - 5 мм (алдыңғы жағы), биіктігі бойынша - 10 мм (төменгі және жоғарғы жағы). Блокты үш жағынан кесу үшін Perfecta SD-75 жабдығы жобаланады.

Блок түбін өңдеу. Блокты үш жағынан кескеннен кейін, кітап блогы өңдеуге жіберіледі, яғни тошинирленеді, түбін дөңгелектеп қысылады, және каптал және жолды қағаз желімденеді. Ары бері тасымалдау көтеріп-бұру конвейерінде Kolbus HL 501 іске асырылады. Ал капталды желімдеу, дәкені, қағаз тілімін түбіне желімдеу HL 501 жабдығында жобаланады.

Блокты түптеу қабына кигізу. Бұл операцияны орындау барысы кітаптың мықтылығы мен сыртқы ажары сонымен қатар қолданғанда ыңғайлылығына тығыз байланысты. Бұл өңдеу түрлі де EMP 582 желісінде орындалады[1],[2].

Кітапты қысу және штриховкалау. Дайын кітаптар блоктар мықты қысылу мақсатында престелу керек. Қысу режимі блокты кигізгенде қолданылған желімнің құрамына, қап даярланған материалға және кітаптар қалай престелгенге байланысты.

Штрихтау - расстав орнымен штрих салудың операциясы. Штрихтау нәтижесінде кітап жеңіл ашылады. Және бір қалыпты форма пайда болады.

Штрих отстав пен қатырмалық жақтар арасында, кітап түбіне параллель болып орналасуы үшін арнайы штриховкаланады. Осы айтылған операциялардың барлығы алдағы айтылған ФЕ желісінде орындалады.

Бақылау. Тұтынушыға таралымды тапсырудан бұрын ақаулы кітап кетіп қалмас үшін кітаптың әрбір данасы тексеріледі және қаралады. Бақылауды кітапшалау түптеу цехының бақылаушысы анықтайды.

Түптеу қабын даярлау. Жобаланған өндірісте № 4 және № 7 типті түптеу қабын пайдалануға жобаланды, бұл типтегі түптеу қабы қарапайым құрылымды, арзан әрі мықтырақ. Түптеу қабын даярлау үшін қатырманы және түптеу материалдары қолданылады. Түптеу материалы ретінде пленкамен ламинадалған мұқаба қолданады. PURPLE MAGNA HSK 30 машинасында орындалады. Қатырма кесу үшін арнайы қатырма кесу мәшинелері қолданылады. Ал бұл өндірісте қатты және әртүрлі түптеу қаптарын даярлауға арналған қатырманы кесу бөлімімен жабдықталған PRU-400 автоматты машинасын қолдануға ұсынылды [1],[2].

1.6 Қажетті жабдықтарды таңдау

Қағаз кесу машинасы. Guowang Master Cut K-92 кесу машинасы үлкен стопалармен жұмыс жасау барысында дифференциалды қысуды қамтамасыз ететін майға толы гидравликамен қамтылған. Пышақ ұстағыш арқалығы жоғары сапалы шойыннан жасалған, сондай ақ құйылған үстелімен қамтылған. Пышық 7000 кесуге жетеді. Guowang MasterCut K-92 кесу машинасының техникалық сипаттамасы 2 - кестеде көрсетілген.

2 Кесте - Guowang MasterCut K-92 кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Кесу ені, мм	920
Максим. артқы тірегі, мм	920
Максим. кесу бұмасының биіктігі, мм.	130
Мин. кесу жолағы, мм.	90/ 25
Қысу қысымы, дап	150 - 3000
Пышақтың ені, мм.	12,7
Кесу жылдамдығы, рет/мин.	45
Жетек қуаты, кВт.	4
Габариттік өшемі, мм	2035 x 2120 x 1650

Бүктемелеу машинасы. БФА 56-30 аралас бүктемелеу машинасы вакууммен берілетін машинасы. Бұл кассеталы бүктеу машинасы екіден оншақты әр түрлі комбинацияда касеталарды қосып жұмыс жасай алады. Басқару жүйесі сенсорлы. PURPLE MAGNA ZYS 660/ 660A бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген [3].

3 Кесте - БФА 56-30 аралас бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер аталуы	Көрсеткіштер
Парақтың ені, см. Мин./ Макс.	10,50/ 46,00
Парақтың ұзындығы, см Мин./ Макс.	10,50 /66,00
Бүгілім ұзындығы, см	3,2
Кассетаар саны	4
Жылдамдығы, м/мин. Мин./ Макс.	45 /180

Форзац бүктеу машинасы. Форзацты бүктеу операциясын іске асыру үшін МВО Т 460 кассеталық бүктеу жабдығы жобаланады. Басқаруы қарапайым әрі алатын ауданы өте ыңғайлы бұл жабдықты өндіріске қолдану кеңінен тараған. Форзац бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы 4- кестеде берілген.

4 Кесте - МВО Т 460 форзац бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Максималды / Минималды форматы/ ,мм	660x1040/150x200
Жұмыс істеудегі қағаз қалыңдығы, г/м²	35-180
4 бүгілім үшін минималды форматы,мм	300x400
Өнімділігі, табак/сағ	25 000
Қуаттылығы, кВт	4,3
Габариттік өлшемдері,м	6,65x1,65

Паковалды сығымдау машинасы. Қысу пресстері дәптерлерді бүктегеннен кейінгі дәптерлердің мықтылығын арттыру пресстеу үшін арналған құрылғы. HSB 34 Semi-Automatic Stacker/Bundler жартылай автоматты паковалды қысу пресі түптеуден кейінгі процесті толықтырады. HSB 34 Semi-Automatic Stacker/Bundler паковалды сығымдау машинасының техникалық сипаттамасы 5-кестеге сәйкес көрсетілген[4].

5 Кесте - HSB 34 Semi-Automatic Stacker/Bundler паковалды сығымдау машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Үлкен/ кіші форматы,см	34x23/14x8
Максималды қысу мөлшері,см	55
Өнімділігі,см	65-71

Қуаттылығы,кВт	1,1
Габариттік өлшемдері,мм	500x700

Форзац жабыстыратын машина. GFS GLUEMATIC жартылай автоматты форзац жабыстыратын машина жинақталған бірінші және соңғы дәптерлеге форзац жабыстыруға арналған. GFS GLUEMATIC форзац жабыстыру машинасының техникалық сипаттамасы 6-кестеде көрсетілген

6 Кесте – GFS GLUEMATIC форзац жабыстыру машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Дәптерлердің максималды/минималды ұзындығы,мм	280x360/100x150
Өнімділігі, цикл/сағ	11000
Қуаттылығы, кВт	3,1
Габариттік өлшемдері,мм	2100x1000x1550

Табақ жинақтау машинасы. JMD G460/16 көденең табақ жинақтау машинасы жоғары автоматтандырылған және жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. JMD G460/16 парақ жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы 7-кестеде көрсетілген [4].

7 Кесте - JMD G460/16 парақ жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Блоктың ұзындығы,мм	460 ×196
Блоктың ені,мм	230x135
Максималды жылдамдығы, цикл/сағ	6000
Станциялар саны	16
Қуаттылығы,кВт	5,5
Габариттік өлшемдері,м	13,2 ×1940× 3,16

Жіппен тігу машиналары. SX-460E автоматты жіппен тігу машинасы беру конвейерімен қамтылған. Мұнда барлық операциялар: дәптерлерді беруден бастап, тігу және блоктарды бөлуге дейін автоматтандырылған. SX-460E автоматты жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – SX-460E автоматты жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
---------------	----------------------

Дәптер форматы, мин/макс, мм	460 × 310 ден 150 ×100
Тігу басшасының саны	11
Инелер ара-қашықтығы	19
Өнімділігі, макс/ мин, дәптер/мин	51/42
Қуаты, Вт	550
Габариты, мм	2650×1400×1700

Қатырма кесу машинасы. PRU-400 қатырма кесу машинасы парақтық қатырмалық қағаздарын берілген формат бойынша бір рет жүктемелеу арқылы кесуге арналған. PRU-400 автоматты қатырма кесу машинасының техникалық сипаттамасы 9-кестеде көрсетілген.

9 Кесте – PRU-400 автоматты қатырма кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Максималды кесу ені, мм	1300
Беру дәлдігі, мм	±0,2
Пышақтар арасының мин.қашықтығы, мм	50
Формат, макс/мин,мм	700x1300/ 90x50
Қатырманың қалыңдығы, мм	0,7/5-4,0
Макс. механикалық жылдамдығы, такт/мин	150
Қолданылатын қуаты, кВт	8
Габариты, мм	5700x2450x950

Бобина кесу машинасы. RS-550 бобина кесу машинасы жоғары жылдамдықтағы сериялы машина. Бұл машина рулонды материалдарды ені бойынша кесуге арналған. RS-550 Бобина кесу машинасының техникалық сипаттамасы 10-кестеде көрсетілген.

10 Кесте - RS-550 Бобина кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Оралмаған рулондық материалдың ені, макс/мин,мм	550/20
Кесу жылдамдығы,м/мин	300
Қуаттылығы,кВт	8,9
Габариты,мм	2.800x2400x2000

Түптеу қабын даярлайтын машина. PURPLE MAGNA HSK 30 түптік қап даярлау машинасы. Бұл машина түптеу қабын даярлауға арналған. PURPLE MAGNA HSK 30 түптеу қабын даярлау машинасының техникалық сипаттамасы

11-кестеде көрсетілген [5].

11 Кесте - PURPLE MAGNA HSK 30 түптеу қабын даярлау машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Желім жағылу ауданы, мин/макс, см	13x19/38x68
Түптеу материалының форматы/макс/мин, см	405×560/115 × 160
Желім түрі	ыстық/суық
Жылдамдығы, м/мин	30
Материалдың қалыңдығы, мм	1 – 3,5
Қуаттылығы, кВт	12, 6
Қатырма форматы, мин/макс	13x19/38x68
Қатырмалық жақтың ені, мм	1-3,5
Габариты, см	4,8×120×3,25

Фольгамен өрнек салу машинасы. Vektor WT 2-190 станогі жоғары температурада және сезімтал түптеу материалдарымен жұмыс істегенде төменгі температурада жұмыс істейді. Фотополимерлі, магнийлі, жезді, мырыштыалюминді қорытпалардан жасалған клишелер қолданады. Конгревті оймалауға дәл осы материалдардың, бірақ жұмсақ материалдан жасалған кері бетті матрицалары қолданады. Vektor WT 2-190 пресінің техникалық сипаттамасы

12- кестеде берілген.

12 Кесте - Vektor WT 2-190 пресінің техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Престің максималды өлшемі, мм	1900×2700
Максималды қысу ауданы, мм	1030x780
Материал ені, мин/макс	80-2

12- кестенің жалғасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Фольга беру	3-5
Фольга рулонының диаметрі/макс, мм	300-350
Станоктың жылдамдығы, сағ	250
Пресстің қысымы, кг	1000
Қуаттылығы, кВт	21
Габариттік өлшемдері, мм	800x620x800

Пленка престоу машинасы. YDFM пленка престоу машинасы кез келген қағаз түріне, қатырмаға т.б материалдарға пленка престейді. YDFM пленка престоу машинасының техникалық сипаттамасы 13-кестеге сәйкес көрсетілген.

13 Кесте - YDFM пленка престоу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Максималды/ Минималды өлшемі,мм	1040 × 720/450×320
Қағаз қалыңдығы	≥80gsm (<128)
Өнімділігі	30-40 м/мин
Қуаты, кВт	24
Габариттік өлшемі,мм	3700×2000×1550

«Колбус» ағымды желісі. «Колбус» фирмасының блокты толық өңдеуді және дайын өнім ғып даярлайтын ағымды желісі қолданады. Ол түптеу қабын блоктарға кигізіп, одан соң дайын кітаптарға дейін өңдейді. Ағынды желіге қосылған машиналар және олардың ретіне байланысты әртүрлі технологиялық мүмкіндіктегі ағынды желі алуға болады.

«Колбус» фирмасының кешенді жүйесіне келесі машиналар кіреді:

PM - түптеу қабын 3 дүркін қысу және блоктың барлық бетін 2 дүркін қысу;

PB - блокқа түп желімдеуге және кептіруге арналған машина;

BT - блок реттегіш, қажет жағдайда блокты үш жағынан кесер алдында привертка жасайды.

A43DM – «Воленберг» фирмасының үш пышақты кесу автоматы.

AP - блок түбін дөңгелету және түптік фальцтерді қайыстыру;

LE - ленточка-закладка желімдеу;

XL - дәке тілімін және каптал желімдеу;

EMП- түптеу қабын блокқа кигізетін кітап қою машинасы;

FE - жеті позицияда штрихтауды және блоктарды пресстеуді жүзеге асыратын штрихтау-пресстеу машиналары;

DC - қабылдау құрылғысы;

CF – кітаптың кесіген шетін бояу машинасы. Машиналар арасына орналастырылады.

Кітап блогін өңдеу үшін:

AB 370 екі кітап блогінің самонаклады,

RB 462 кітап түбін желімдеу және ИҚ сәулемен кептіру құрылғысы

FN 400 блок түбін қысу

Kolbus FSL 1032 тасымалдау жүйесі

Perfecta SD-75 үш жағынан кесі машинасы Kolbus
 FSL 1514 жеткізу конвейерінің жүйесі кітап
 даярлау үшін:
 AR кітап блогін қысу және дөңгелектеу машинасы
 Kolbus TG көтеру- бұру конвейері
 HL 501 желімдеу (капталды, дөкені, қағазды) машинасы
 Kolbus FSL 1507 аралық тасмалдау конвейері
 EMP 582 кітап жасау автоматы (дайын блокті түптеу қабына кигізіп бекіту)
 FE 604 штрихтау-қысу прессі
 DS 380 – қабылдау-жинақтау конвейері Kolbus
 FEH гидравликалық станция
 «Колбус» ағымды желісінің техникалық сипаттамасы 14-
 кестеде көрсетілген [6].

14 Кесте - «Колбус» ағымды желісінің техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Өнімнің ең кіші / ең үлкен форматы, см	12,5x10/35x29
Блок қалыңдығы, мм	6-80
Жұмыс жылдамдығы, цикл/мин	40
Қуаттылығы, кВт	56
Габариттік өлшемі, м	7,5x20

Орап-буу машинасы. Көлденең орап-буу машинасы МИГ-06. 100-ден астам өнімді есте сақтай алады. Машина дара өнімді орамалауға және бірнеше өнімді автоматы түрде орамалауға арналған. Бұл машинада әр түрлі өнімдерді соның ішінде, кітаптарды, тұтынушылық өнімді орамалайды. МИГ-06 орап буу машинасының техникалық сипаттамасы 15-кестеде көрсетілген.

15 Кесте - МИГ-06 орап буу машинасының техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
Макс.мин ұзындығы өнімнің, мм	40x1000
Макс.мин ені өнімнің, мм	10x310
Қуаты, кВт	6
Өнімділігі, өн/мин	90 (150)
Габариттік өлшемі, мм	3850x850x1600

1.6 Басудан кейінгі процесіне қажетті негізгі және қосымша материалдарды таңдау

Түптеуге арналған қатырма. Картон деп массасы 150 грамнан асқан қағаз массасын айтады. Полиграфияда қатырманы түптеу қаптың жақтарына қолданады. Қатырманың беті тегіс, жылтыр және ыдырау мен сынуға механикалық берік, желімді жақсы қабылдайтын болу керек. Қатырманың бетінде артық қыртыстар болмау керек. Қатырма ылғалдылығы 13 пайыздан аспау керек. Өйткені жоғары ылғалдылықта деформацияға ұшырап, беткі қабатының беріктігі төмендейді. Жобада жабын материалмен қапталатын түптеу қабы үшін қалыңырақ (1,25 мм-ден жоғары) қатырмалар қолданылады. [7].

Түптеу қабының маталық дайындамасы. Түптеудің негізгі қызметі - кітап блоктарын зақымданудан қорғау болып табылады. Олар ыдырауда, үйкелуге, бүктеуге механикалық мықты және желімдік заттарды терең сіңіретін болу керек. Материалдың полимер жабынына жабынына қойылатын негізгі талаптар майысқақтық, негізінен берік бекітілген және бүтінде сынуға төзімді болу керек. Материал беті басуда трафареттік бояуды, бедерлеуде фольганы жақсы қабылдау керек. Жобада пленкамен сығымдалған мұқаба мен бумвини материалы таңдалған.

Мата негізді материалдар. Бумвинил - полувинилхлорид жабыны бар қағаз негізді материал. Оның бетіне пластцификатордан, ПВХ толықтырғыш, пигменттерден қабат жағылады. Ол үйкелуге, суға, бүктеуге төзімді. Әр түрлі түсті, бедерлі және бедерсіз болып шығарылады. Крахмал желімімен коалин және пигменттер жағылған, боялған немесе боялмаған матақағазды мата. Крахмалды -коалинді жабын мата фактурасын жауып, оған қаттылық, түс және бедерлеуде фольганы, трафареттік және түптік бояуды жақсы қабылдау қасиетін береді. Бірақ бұл материал суға төзімсіз. Судың әсерінен желім беткі жағына өтіп, оның сыртқы түрін нашарлатады. Одан басқа майыстыруға және бүтінде мықты қасиет көрсете алмайды[7].

Полиграфиялық фольга. Фольга жұқа көпқабатты материал. Ол тасымалдағыш негіз, лакты талшықты ажыратқыш және бояулы адгезиялық қабаттан тұрады. Фольга түрлері- металданған, түсті, бархатты, түсті жылтырақ және бронзалы болады. Бедерлеу температурасы 80-150° С.

Фольганың негізі көбіне қалыңдығы 12-20мкм болатын лавсан пленка немесе 1 м² массасы 40-20гр болатын ақ целлюлоза калька болады. Лавсан негізді

фольга жылтырлығы, тегістігі арқасында калька негізді фольгаға қарағанда қолдануға тиімді [7].

Синтетикалық жіп. Капрон (пермен, силон) және анид (найлон, дедрон) полиамидті полимерлерден даярланатын материал. Ол үшін полимерлерді балқытады және тетіктері 0,25мм диаметрі болатын фильерлер арқылы теседі. Сосын оларды созады және жіптің қалыңдығы 5-6 есе кішірейеді.

Синтетикалық капрон жіптер-кітап пен брошюралар тігу үшін ең күшті материал. Бұл жіптер мақта-қағазды жіптерден жіңішке және 2 есе мықты [7].

Каптал. Ені 13-15 мм ұшы 1,5-2 мм қалыңдатылған лента. Капталды әртүрлі болған жібекті жартылай жібекті және мақта қағазды жіптерден тоқиды. Каптал кітаптардың түптерінің жоғарғы және төмен жағына жапсырады. Ол кітаптардың мықтылығын жоғарылатады және кітаптарға әдемі түр береді [7].

Технологиялық процесстерге қолданылатын желімдер. Түптеу желімітабиғи, жасанды және синтетикалық полимерлердің ерітінділері, балқымалары немесе сулы суспензиялар. Оларды қағазды, қатырманы түптеу материалдарын желімдеуге және кітап блоктарының түптерін желімдеуін, түптеу қаптарын кигізу операцияларында және т.б. қолданылады.

ПВАД - поливинил ацетат дисперсі – жоғары тұтқырлықты (ВМС воронкасы бойынша 50% кепкен қалдық және 5-15% дибутилфтолат (пластификатор ретінде)) түптеу материалдарын даярлау үшін қолданылады. Ол сүйекті желіммен, NaKMц тұзымен, полиэтиленминмен жақсы қосылады. Тігілген кітап блогын желімдеу үшін тұтқырлығы 30-35с болатын шамамен 33% кепкен қалдық бар поливинилацетатты дисперсия қолданылады. Поливинилацетатты дисперсияны сумен араластырып дайындайды [7].

Сүйектік (глутиндік) желім- көбінесе ақуызды зат – глютиннен тұратын қатты ұнтақталатын плиткалар түріндегі зат. Ол жануар сүйектерінен желімдік сорпа түрінде өңделеді, сосын қайнатылып кептіріледі де қатты күйге көшеді. Сүйектік желім ыстық күйде ғана 40-50⁰С температурада қою және жабысқақ ерітінді түрінде қолданылады [7].

1.7 Қажетті материалдар санын есептеу

I . $70 \div 4 \square 17,5$	II. $70/4=17,5\text{см}$
$100 \div 4 \square 25$ --	$90/4=22,5\text{см}$
$17,5 \times 25$	$17,5 \times 22,5$
III. $60/4=15\text{см}$	VI. $60/4=15\text{см}$
$90/4=22,5\text{см}$	$84 \div 4 \square 21$
$15 \times 22,5$	15×21

Берілгені: Кітап I, форматы: $70 \times 100/16$, $V_{\text{ф.б.т}} = 10$, $T = 25$ мың дана, $A = 25$, $b_{\text{мэт}} = 1+1$, $b_{\text{мүк}} = 4+4$;

Кітап II, форматы: $70 \times 90/16$, $V_{\text{ф.б.т}} = 16$, $T = 25$ мың дана, $A = 35$, $b_{\text{мэт}} = 1+1$, $b_{\text{мүк}} = 4+4$;

Кітап III, форматы: $60 \times 90/16$, $V_{\text{ф.б.т}} = 14$, $T = 30$ мың дана, $A = 27$, $b_{\text{мэт}} = 4+4$;

Кітап IV, форматы: $60 \times 84/16$, $V_{\text{ф.б.т}} = 12$, $T = 45$ мың дана, $A = 20$, $b_{\text{мэт}} = 4+4$; *Форзацтық қағазды есептеу.*

1. Басылымның кесуге дейінгі форматын анықтау:

2. Форзацтың ені басылымның екі еселік еніне тең болғандықтан форзац дайындамасының өлшемін табайық:

I. $(17,5 \times 2) \times 25 = 35 \times 25 \text{ см}$

II. $(17,5 \times 2) \times 22,5 = 35 \times 22,5 \text{ см}$

III. $(15 \times 2) \times 22,5 = 30 \times 22,5 \text{ см}$

IV. $(15 \times 2) \times 21 = 30 \times 21 \text{ см}$

3. Бір парақта қанша форзац шығатынын есептеу үшін қағаз парағының енін, форзацтың еніне, ал қағаз парағының ұзындығын форзацтың биіктігіне бөлеміз [3]:

I. $70 \setminus 35 \square 2$; $100 \setminus 25 \square 4$; $2 \times 4 \square 8$.

II. $70/35=2$; $90 \setminus 22,5 \square 4$; $2 \times 4 \square 8$

III. $60/30=2$; $90/22,5=4$; $2 \times 4 \square 8$

IV. $60/30=2$; $84 \setminus 21 \square 4$; $2 \times 4 \square 8$

Сонымен 1 қағаз парағынан 8 форзац шығады[8].

4. Форзацтық қағаздың керекті санын анықтаймыз:

1 кітапта 2 форзац бар. Сондықтан таралымды 2-ге көбейтеміз:

I. $32000 \times 2 \square 64000$

II. $25\ 000 \times 2 = 50\ 000$

III. $30\ 000 \times 2 = 60\ 000$

IV. $45\ 000 \times 2 = 90\ 000$

5. Таралымға кететін қағаз саны:

I. $64000 \setminus 8 \square 8000$ парақ II.

$50000/8 = 6250$ парақ

III. $60\ 000/8 = 7500$ парақ IV.

$90000/8 = 11250$ парақ

6. Барлық атаулар санына кететін қағаз:

I. $8000 \times 25 = 200\,000$ дана

II. $6\,250 \times 35 = 218\,750$ дана

III. $7500 \times 27 = 202\,500$ дана

IV. $11\,250 \times 20 = 225\,000$ дана

$200\,000 + 218\,750 + 202\,500 + 225\,000 = 846\,250$ дана

7. Форзацтық қағаздың 1 парағы 60 тг тұрады: $846\,250 \times 60 = 50\,775\,000$ тг

Жіптерді есептеу.

Тігістер саны 4-ке тең [1]. Бір дәптерге кететін жіптер санын анықтайық:

I. $19\text{мм} \times 4 \times 2 = 152\text{мм}$

II. $19\text{мм} \times 4 \times 2 = 152\text{мм}$

III. $19\text{мм} \times 4 \times 2 = 152\text{мм}$

IV. $19\text{мм} \times 4 \times 2 = 152\text{мм}$

1. Бір блокқа кететін жіптер саны:

Блоктағы дәптер саны: I. 10 II. 16 III. 14 IV. 12

I. $152\text{ мм} \times 10 = 1520\text{ мм} = 1,52\text{ м}$

II. $152\text{ мм} \times 16 = 2432\text{мм} = 2,43\text{м}$

III. $152\text{мм} \times 14 = 2128\text{мм} = 2,12\text{м}$

IV. $152\text{мм} \times 12 = 1824\text{мм} = 1,82\text{м}$

2. Барлық таралымға кететін жіптер саны:

I. $1,52 \times 32\,000 \times 25 = 1\,195\,000\text{ м}$

II. $2,43 \times 25\,000 \times 35 = 2\,126\,250\text{ м}$

III. $2,12 \times 30\,000 \times 27 = 1\,717\,200\text{ м}$

IV. $1,82 \times 45\,000 \times 20 = 1\,638\,000\text{ м}$

$1\,195\,000 + 2\,126\,250 + 1\,717\,200 + 1\,638\,000 = 7\,476\,450\text{ м}$

3. 1 втулкада 10000 м; $7\,476\,450 \div 10\,000 = 748$ втулка 1

втулка = 504 тг.

$748 \times 504 = 376\,992$ тг.

Қатырмалық жақтарды есептеу 1. Блоктың кескенге дейінгі және кескеннен кейінгі форматтары:

I. К.д $17,5 \times 25$; К.к 17×24

II. К.д $17,5 \times 22,5$; К.к $17 \times 21,5$

III К.д $15 \times 22,5$; К.к $14,5 \times 21,5$

IV К.д 15×21 ; К.к $14,5 \times 20$

2. Қатырмалық жақтың биіктігі. Қанттың ені 3мм.

I. $24 + (0,3 \times 2) = 24,6\text{ см}$

II. $21,5 + (0,3 \times 2) = 22,1\text{см}$

III. $21,5 + (0,3 \times 2) = 22,1\text{см}$

IV. $20 + (0,3 \times 2) = 20,6\text{см}$

3. Қатырмалық жақтың ені блоктың енінен 1мм-ге аз болуы керек:

I. $17 \text{ см} - 0,1 \text{ см} = 16,9 \text{ см}$

II. $17 \text{ см} - 0,1 \text{ см} = 16,9 \text{ см}$

III. $14,5 \text{ см} - 0,1 \text{ см} = 14,4 \text{ см}$

IV. $14,5 \text{ см} - 0,1 \text{ см} = 14,4 \text{ см}$

4. Машиналық бағытты ескере отырып форматы $70 \times 100 \text{ см}$ қатырма парағынан қанша дайындама шығады [8].

I. $70/16,9 = 4$

$100/24,6 = 4 \quad 4 \times 4 = 16$ қатырмалық жақ II.

$70/16,9 = 4$

$90/22,1 = 4 \quad 4 \times 4 = 16$ қатырмалық жақ

III. $60/14,4 = 4$

$90/22,1 = 4 \quad 4 \times 4 = 16$ қатырмалық жақ

IV. $60/14,4 = 4$; $84/20,6 = 4 \quad 4 \times 4 = 16$ қатырмалық жақ I -

IV қатырмалық жақтардан 8 түптеу қабы шығады $16/2 = 8$ 5.

Барлық таралымға кететін қатырма:

I. $1 \text{ п} - 10$; $x - 32 \text{ 000}$; $x = 3200$ парақ; $3200 \times 25 = 80 \text{ 000}$ парақ II.

$1 \text{ п} - 16$; $x - 25 \text{ 000}$; $x = 1563$ парақ; $1563 \times 35 = 54688$ парақ

III. $1 \text{ п} - 14$; $x - 30 \text{ 000}$; $x = 4 \text{ 500}$ парақ; $4 \text{ 500} \times 27 = 81 \text{ 000}$ парақ

IV. $1 \text{ п} - 14$; $x - 45 \text{ 000}$; $x = 3214$ парақ; $3214 \times 20 = 64286$ парақ

$80 \text{ 000} + 54688 + 81 \text{ 000} + 64286 = 279974$ парақ

Барлық басылымды дайындау үшін 279974 дана 70×100 форматындағы қатырма парағы қажет [8].

6. 1 парақ қатырма қағазы 160 тг тұрады: $279974 \times 160 = 4 \text{ 479 5840}$ тг
Түптеуге арналған маталық дайындаманы есептеу:

1. III. IV. Кітаптар бойынша түптеуге арналған маталық дайындаманы есептеймін:

Блоктың кескенге дейінгі және кескеннен кейінгі форматтары:

III. к.д $15 \times 22,5$; к.к $14,5 \times 21,5$ IV.

К.д 15×21 ; к.д. $14,5 \times 20$

2. Блоктың қалыңдығы:

III. $T = 75 \text{ мкм} \times 7 \times 16 = 8,4 \text{ мм}$

IV. $T = 80 \text{ мкм} \times 6 \times 16 = 7,7 \text{ мм}$

3. Қатырманың қалыңдығын және түптік формасын еске ала отырып, түптік доға ұзындығы $+2P$. Расстав тең: $P = 5 + 1,5K = 5 + 1,5 \cdot 1,75 \text{ мм} = 7,6 \text{ мм}$ [8].

4. Түптік доға ұзындығы: II. $K = 1,23$

III. $T \cdot \text{д.} \cdot \text{ұ} = T \times K = 8,4 \times 1,23 = 10,3 \text{ мм}$

$$\text{IV. } T_d \cdot \mu = T \times K = 7,7 \times 1,23 = 9,5 \text{ мм}$$

5. Шпацияның өлшемі

$$\text{III. IV. } 8,86\text{мм} + 2P = 8,86 + 2 \times 7,6 = 24,06\text{мм}$$

6. №7 типті түптеу қабының дайындамасының өлшемдері дайындаманың биіктігіне тең: $K=3\text{мм}$

$$\text{III. Бд} = B + 2K + 2k + 30\text{мм} = 21,5 + 2 \times 3 + 2 \times 1,75 + 30 = 610\text{мм} = 61\text{см}$$

$$\text{IV. Бд} = B + 2K + 2k + 30\text{мм} = 20 + 2 \times 3 + 2 \times 1,75 + 30 = 595 \text{ мм} = 59,5\text{см}$$

7. Дайындаманың ені бойынша:

$$\text{III. Ед} = 2(\text{Ш} + K + P + k) + D + 30\text{мм} = 2(145 + 3 + 7,6 + 1,75) + 8,86 + 30 = 354 \text{ мм} = 35,4\text{см}$$

$$\text{IV. Ед} = 2(\text{Ш} + K + P + k) + D + 30\text{мм} = 2(145 + 3 + 7,6 + 1,75) + 8,86 + 30 = 354 \text{ мм} = 35,4\text{см}$$

8. Матаның ені бойынша қанша дайындама шығады. Мата ені 85см

$$85\text{см} / 35,4 \text{ см} = 2 \text{ дайындама}$$

9. Барлық таралымға кететін дайындама:

$$\text{III. } 61 - 2; \quad x - 810 \text{ 000}; \quad x = 24 \text{ 705 000 см} = 24 \text{ 705 м IV.}$$

$$59,5 - 2; \quad x - 900 \text{ 000}; \quad x = 26 \text{ 775 000 см} = 26 \text{ 775 м}$$

10. Маталық дайындаманың 1 метрі 170тг тұрады: $(24705\text{м} + 26775\text{м}) \times 170 = \mathbf{8 \text{ 751 600}}$ тг

Мұқабалық қағазды есептеу

1. Кесуге дейінгі блок форматы

$$\text{I. } 17,5 \times 25 \quad \text{II. } 17,5 \times 22,5$$

2. Блоктың қалыңдығы:

$$\text{I. } 5 \times 16 \times 70 = 5600 \text{ мкм} = 5,6 \text{ мм} = 0,56 \text{ см}$$

$$\text{II. } 8 \times 16 \times 70 = 8960 \text{ мкм} = 8,9 \text{ мм} = 0,89 \text{ см}$$

3. Бір мұқабаға кететін қағаз дайындаманың өлшемдерін табайық. Дайындаманың ені басылымның 2 еселенген еніне және блок қалыңдығының қосындысына тең. Дайындаманың биіктігі кесілмеген блоктың биіктігіне тең [8].

$$\text{I } 17,5 \times 2 + 0,56 = 35,5; \quad 17,5 \times 35,5$$

$$\text{II } 17,5 \times 2 + 0,89 = 35,9; \quad 17,5 \times 35,9$$

4. Форматы I, II 75x110 мұқабалық қағаздан қанша дайындама шығатынын есептеймін:

$$\text{I. } 75/35,5 = 2$$

$$\text{II. } 75/35,9 = 2$$

$$110/17,5 = 6 \quad 110/17,5 = 6$$

$2 \times 6 = 12$ мұқабалық қағаз; $2 \times 6 = 12$ мұқабалық қағаз

5. Барлық таралымға кететін мұқабалық қағаз:

$$\text{I. } 32000/12 \times 25 = 66 \text{ 666 мұқабалық қағаз.}$$

$$\text{II. } 25000/12 \times 35 = 72 \text{ 916 мұқабалық қағаз.}$$

$$1 \text{ парак өлшемі } 0,7 \times 1,1 \times 140\text{г} = 108\text{г}$$

$$1\text{кг}/108\text{г} = 10 \text{ парак}; \quad 66666 / 10 = 6666 \text{ кг}; \quad 72916 / 10 = 7292 \text{ кг}$$

$$\text{Барлығы: } 6666 + 7292 = 13958 \text{ кг}$$

$$1 \text{ кг} - 270 \text{ тг}; \quad 13958 \times 270 \text{ тг} = \mathbf{3767} \text{ мың тг}$$

Фольганы есептеу. Түптеу қабына кететін штамптың өлшемі 15-10 см.

Түптеу қабының түбінің штамп размері 2-17 см.

Фольга рулонының ені штамптың енінен +1 см-ге тең (екі жағынан 5 ммден).

Рулон ұзындығы бойынша штамптың биіктігі 5-8 мм аралығынды ауытқиды.

1. Түптеу қабының жақтарына кететін фольганың өлшемдері:

$$10 \text{ см} + 1 \text{ см} = 11 \text{ см} = 0,11 \text{ м}$$

$$17 \text{ см} + 0,5 \text{ см} = 17,5 \text{ см} = 0,175 \text{ м}$$

2. Түптеу қабының түбіне кететін фольганың өлшемі:

$$2 \text{ см} + 1 \text{ см} = 3 \text{ см} = 0,03 \text{ м}$$

$$5 \text{ см} + 0,5 \text{ см} = 5,5 \text{ см} = 0,055 \text{ м}$$

Таралымға кететін фольганың өлшемі:

$$\text{III. } 0,11 \times 0,55 \times 30000 \times 27 = 49005 \text{ м}$$

$$\text{IV. } 0,175 \times 0,03 \times 45000 \times 20 = 4725 \text{ м}$$

$$49005 \text{ м} + 4725 \text{ м} = 53730 \text{ м фольга}$$

$$3. \text{ 1 м фольга 35 тг тұрады: } 53730 \text{ м} \times 35 = \mathbf{1880550} \text{ тг}$$

Дәке санын есептеу. Кесте бойынша 1000 блокқа I: 23,3 м; II: 30,1 м; III: 27,4 м және IV: 27,7 м дәке жұмсалады. Барлық таралымға кететін дәке саны: I. 1000 – 23,3 м; 800 000 – x; x = 18640 м дәке.

$$\text{II. } 1000 - 30,1 \text{ м}; \quad 875 \text{ 000} - x; \quad x = 26 \text{ 338 м дәке.}$$

$$\text{III. } 1000 - 27,4 \text{ м}; \quad 810 \text{ 000} - x; \quad x = 22194 \text{ м дәке.}$$

$$\text{IV. } 1000 - 27,7 \text{ м}; \quad 900 \text{ 000} - x; \quad x = 24930 \text{ м дәке}$$

$$\text{Барлығына: } 18640 + 26 \text{ 338} + 22194 + 24930 = 92102 \text{ м дәке қажет. 1 м}$$

$$\text{дәке 50 тг тұрады: } 92102 \times 50 = \mathbf{4 \text{ 605 \text{ 100}} \text{ тг}}$$

Қағаз тілімін есептеу. Кесте бойынша 1000 блокқа 20 м қағаз тілімі жұмсалады. Барлық таралымға кететін қағаз тілімінің саны:

$$\text{I. } 1000 - 20 \text{ м}; \quad 800 \text{ 000} - x; \quad x = 16 \text{ 000 м қағаз тілімі. II.}$$

$$1000 - 20 \text{ м}; \quad 875 \text{ 000} - x; \quad x = 17 \text{ 500 м қағаз тілімі.}$$

$$\text{III. } 1000 - 20 \text{ м}; \quad 810 \text{ 000} - x; \quad x = 16 \text{ 200 м қағаз тілімі.}$$

$$\text{IV. } 1000 - 20 \text{ м}; \quad 900 \text{ 000} - x; \quad x = 18 \text{ 000 м қағаз тілімі.}$$

$$\text{Барлығына: } 16 \text{ 000} + 17 \text{ 500} + 16 \text{ 200} + 18 \text{ 000} = 67700 \text{ м қағаз тілімі}$$

1 м қағаз тілімі 35 тг тұрады: $67 \text{ 700} \times 35 = \mathbf{2 \text{ 369 \text{ 500}}}$ тг тұрады *Капталды есептеу.* Кесте бойынша 1000 блокқа 14 м каптал кетеді.

Барлық таралымға кететін каптал саны: $1000 - 14 \text{ м}; \quad 3 \text{ 385 \text{ 000}} - x;$

$$x = 47 \text{ 390 м каптал; 1 м каптал 15 тг тұрады: } 47 \text{ 390} \times 25 = \mathbf{1 \text{ 184 \text{ 750}} \text{ тг}}$$

Желімдерді есептеу.

1. Форзацтық қағазды желімдеу үшін кететін желім. Кесте бойынша 1000 форзацты желімдеу үшін I; II; III; IV: 225г желім кетеді: Барлық таралымға кететін желім:

$1000 - 225г; \quad 6\,770\,000 - x; \quad x = 1523250 \text{ г} = 1523,25 \text{ кг.}$ Барлығына: 1523,25 кг желім

1кг желім 645 тг тұрады: $1523,25 \times 645 = 982\,496 \text{ тг}$

2. Марля, каптал және қағаз тіліміне кететін желімді есептеу:

Кесте бойынша 1000 блокқа I, II, 952г. және III, IV: 1023г желім жұмсалады. Барлық таралымға кететін желім саны:

I. $1000 - 952г; \quad 800\,000 - x; \quad x = 761600 \text{ г} = 761,6 \text{ кг желім.}$ II.

$1000 - 952г; \quad 875\,000 - x; \quad x = 833\,000 \text{ г} = 833 \text{ кг желім.}$

